

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 тамыздағы № 592 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ережеде:

15-тармақта:

54) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"54) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіпті сақтауды және жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 54-1) тармақшамен толықтырылсын:

"54-1) елді мекендерде және қала маңындағы автомобиль жолдарында қоғамдық тәртіпті сақтау мен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің патрульдік-бекеттік қызметті атқаруы жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;"

75) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"75) көлік және метрополитен нысандарында қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің патрульдік-бекеттік қызметті атқаруы жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;"

Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов